

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 3 мамырдағы
№ DC-120

Құрметті депутаттар!

Қоныс аударушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау мемлекеттік көші-қон саясаты Үкіметтің басымдықтарының бірі болып табылады.

Өткен жылды Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы (*бұдан әрі – тұжырымдама*) қабылданды.

Тұжырымдаманың бір бағыты – бұл қоныс аудару бағдарламаларын қайта қарау есебінен жұмыс күші артық және жұмыс күші тапшы өнірлер арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті тенестіру үшін қазақстандықтардың ішкі ұтқырлығын ынталандыру.

Жаңартылған бағдарламаның мәні азаматтардың жұмыс орындары жоқ жерлерге көшуінде емес, трансферт арқылы жұмыс орындарын құру және еліміздің басқа да облыстарында негізделген жұмыс істеп тұрған бизнес-жобаларды солтүстік өнірлерде кеңейту.

Осылан орай, Үкімет бірқатар жобаларды іске асыруда.

Бірінші, ауылдың әл-ауқатын жақсартуға, ауыл экономикасын дамытуға және халықтың табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы.

Ағымдағы жылы жобаны іске асыру үшін қосымша 18 мың жұмыс орындарын құру арқылы сыйақы мөлшерлемесі 2,5%-дан аспайтын 7 жылға дейінгі мерзімде 17 мың шағын кредиттер беру үшін 100 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде солтүстік өнірлерде жобаны іске асыру үшін 10,6 млрд теңгеден аса қаражат белінген.

Жалпы, Үкімет 7 жыл ішінде осы мақсаттарға 1 трлн теңге белініп, ауылдық жерлерде 350 мыңдан аса сапалы жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Олардың көбісі солтүстік өнірлерде ашылады, бұл қоныс аударушылар үшін аталған өнірлердің тартымдылығын көтереді.

Екінші, якорлық өндірістік-инвестициялық жобаларды іске асыру.

Ағымдағы жылы аталған жобаларды іске асыру үшін 100 млрд теңге қаражат белініп, 65-тен аса тауарлы-сұт фермаларының, оның ішінде солтүстік өнірлерде 2

мындағай жаңа жұмыс орындарын құру арқылы 45 ТСФ құрылышы жоспарланған. Аталған жұмыс орындарына басымдықты жұмыс күші артық өнірлерден келетін жұмысшыларға береді.

Үшінші, 2022 жылы агроОнеркәсіптік кешенді дамыту жол картасы (*бұдан әрі – Жол карта*) шеңберінде 270 инвестициялық жобаларды іске асыру үшін 241 млрд теңге қарастырылды.

Жол картасы бойынша 2026 жылға дейін қоныс аударушыларды қабылдау өнірлерінде агроОнеркәсіптік кешенде 20,2 мың жұмыс орнын құрумен 1,3 трлн сомаға 530 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған.

Төртінші, жұмыспен қамту мақсатында әкімдіктермен ұлттық жобалар аясында жұмысқа орналастыру көрсеткіштері қаралған Жұмыспен қамтудың өнірлік карталары бекітілді.

Бекітілген жұмыспен қамтудың өнірлік карталарында 2023 жылы 947,8 мың адамды, оның ішінде ұлттық жобалар аясында 249 мың адам, бос жұмыс орындарына 320 мың адам, Мемлекет Басшысының «10 мың тұрғынға 100 жұмыс орны» бастамасы аясында 342 адам жұмысқа орналастыру көзделген.

Қазіргі уақытта, 315,7 мың адам, оның ішінде 139,9 мың адам ұлттық жобалар аясында, 82,3 мың адам бос жұмыс орындарына және 93,5 мың адам Мемлекет Басшысының бастамасы аясында жұмысқа орналасты.

Бұдан басқа, ағымдағы жылды жұмыспен қамту шараларымен солтүстік өнірлерге 2 мыңға жуық онтүстік өнірлердің тұрғындары қоныстандырылды.

Экономикалық ұтқырлық сертификатқа қатысты

Тұжырымдама аясында солтүстік өнірлерге қоныс аударған азаматтарға тұрғын-үйді сатып алуға, салуға немесе алғашқы жарна ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде, алайда 4 млн теңgeden аспайтын экономикалық ұтқырлық сертификаттар ұсыну қарастырылған.

Анықтама: 2023 жылы 2 520 отбасыға сертификат беру үшін 10,1 млрд теңге қаражат бөлінді.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысты

Жергілікті әкімдіктері шығу және қабылдау өнірлерімен қажеттілікке орай халықпен кездесу өткізіп, қоныс аудару бағдарламасы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, бос жұмыстары жәрменкесін жүйелі түрде өткізіп отырады.

Ағымдағы жылды Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында және Алматы қаласында «AMANAT» партиясының филиалы өкілдерінің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрменкесі өткізілді. Бұдан басқа «Qazalem» платформасы аясында елімізден сырт жерлерде тұратын қазақстандықтардың басын қосып, елдегі қоғамдық өмірге тарту, оларды тарихи отанына оралуға қызығушылығын арттыруға жәрдемдесетін ақпараттық түсіндірме жұмысы атқарылуда.

Қоныс аударушылардың көшуге және жұмысқа орналасуына мүмкіндік беретін «Электронды еңбек биржасы» цифрлы порталы (*бұдан әрі – ЭЕБ*) негізінде қосылған «Қоныс аудару» бөлімінде қоныстану елді-мекендерінің толықтай портреті (халық саны, әлеуметтік-экономикалық объектілер, бос жұмыс орындары, жер участеклері және т.б.) бейнеленген.

Қоныс аударуга ниетті адамдарды іріктеуге қатысты

Қоныс аударуға ниет білдірген азаматтардың өтініштерін қарау үшін жергілікті атқарушы органның жанында жергілікті өкілді органдардың, жұмыс

берушілер өкілдерінің, кәсіптік одактардың және облыстар, республикалық маңызы бар қала және Астана кәсіпкерлер палатасының қатысуымен өнірлік комиссия (*бұдан ері – Комиссия*) жұмыс атқарады.

Аталған комиссия жергілікті мектептердің, балабақшалардың жойылуын алдын алу үшін қоныс көшіруде басымдықты көпбалалы отбасыларға береді.

Үкімет бюджеттің жағдайына қарай жыл сайын қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау шараларының көлемін арттыру мәселесін қарастыруға әрдайым дайын екендігін мәлімдейді. Сонымен қатар, кәсіпке және оқуға икемі бар қоныс аударушылар арасынан 147 адам кәсіппен айналысса, 20 адам оқуға жіберілді.

Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылардың мерзімі 2023 жылдан бастап, бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзартылды, сондай-ақ, жәрдемақы көлемі 8,5%-ға еости.

Кәсіпкерлерді ынталандыруға қатысты

Қоныс аударушыларды жұмыспен қамту және жұмыс орындарын құру мақсатында жергілікті атқарушы органдар 2023 жылдың басында өнірлердің ерекшелігін ескере отырып, Қоныс аударуды ынталандыру жол карталарын бекітті.

Кәсіпкерлікпен айналысуға ниет білдірген қоныс аударушыға қайтарымсыз мемлекеттік гранттар ұсыну қаралған.

Бұдан басқа солтүстік өнірлерге қоныс аударушыларды тұрақты жұмысқа орналастырған жұмыс берушілерге 400 АЕК көлемінде субсидия ұсыну көзделген.

Жалпы алғанда, Үкімет қоныс аудару бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда, жетілдіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуде және нақты ұсыныстар әзірлеу үшін Сіздің қатысуыңызben жұмыс тобын құруға дайын.

А. Қөлгінов